

Поэт-классик, чье поэтическое наследие отличается высокой художественностью и правдивостью (к 150-летию Нарманбета Орманбетулы)

Обобщается творческая деятельность выдающегося поэта конца XIX и начала XX столетия Нарманбета Орманбетулы. Указывается, что в его произведениях найдено четкое отображение картина того сложного периода, в котором он жил и творил. Показывается, что поэт в целом не очень-то доволен историческими событиями своего времени и верит в светлое будущее казахского народа. Отмечается, что акын очень почитал великого Абая и хорошо владел всеми художественными приемами традиционной поэзии. Дается оценка философским стихам, дидактическим толгау — размышлениям поэта, насыщенным национальными красками, богатыми образами. Автором особо подчеркивается, что поэтическое наследие Н.Орманбетулы отличается высокой художественностью и правдивостью. Доказывается, что все отмеченное выше сделало его одним из важнейших представителей казахской поэзии первой половины прошлого столетия.

Creative activity of the outstanding poet of the end XIX and the beginnings of XX century is generalized by *Narmanbeta Ormanbetuly*. It is underlined that in its products has found accurate display a picture of that difficult period in which he lived and created. It is shown that the poet as a whole isn't very happy with historical events of time and trusts in the light future of the Kazakh people. It is noticed that *акын* very much esteemed great *Абая* and well owned all artistic touches of traditional poetry. It is given, an estimation to philosophical verses, didactic. To reflections of the poet, sated with the national paints, rich in the images. It is especially underlined that the poetic heritage of *Narmanbeta* differs high artistry and truthfulness. It is proved that it has made all its one of the major representatives of the Kazakh poetry of first half of last century.

ӨОЖ 82

З.Жұмағали, Г.Жұмағалиева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Халық қамқоршылары

Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ руханиятында бірегей құбылыс болып табылатын Алаш зиялыларының әдеби мұрасы жан-жақты қарастырылды. Соның ішінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы шығармашылығы негізінде қазақ әдебиетіндегі ұлт тағдыры, елдік мәселелердің жырлануы жүйелі сараланып берілді. Әдебиеттегі ұлт тағдыры қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелерімен тығыз байланыста талданды. Қазақ әдебиетінің түрлі жанрындағы әдеби мұралардың рухани және қоғамдық маңызы айқындалды.

Кілтті сөздер: танымал жағдаяттар, патша отарлаушылары, тарихтың қойнауы, өмірлік материал, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар, ақындық дәстүр, күрескерлік рух, өмір шындығы, халықты ояту, орыс әдебиеті үлгілері.

Бұл күндері қай замандарда халқымыздың маңдайына біткен ұл-қыздардың ел үшін еткен еңбектері айқындалып, есімдері айбынды тақтаға жазылуда. Сондай ерлердің арасында — Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, тағы басқалары.

Бұлар бұрыннан танымал жағдаяттарды зерделеумен шектелмей, бізде не бар, не жоқ, ілгеріге табан басуға бола ма, ол үшін ежелден бой бермей келе жатқан ең жарлықтан арылып, қанат қандаудың қолайы қандай деген сауалдарға жауап іздеді. Олар отандастарының жазу-сызудан кенжеліп қалғанын, патша өкіметінің баяғыша езіп-жаншып, қараңғылықтан көз ашпаған бүтіндей бір өлкені газет-журналдардан да қағажы ұстап келе жатқанын баяндайды. Осындай, айталық, 15 жылдары тірлік қандай болса, сол үрдістен жаңалық, өзгеріс байқалмайтынына қатты қынжылыс білдіреді. М.Әуезов ол жөнінде былай дейді: «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі «Қырық мысал» (1909) болса, екінші елшілдік ұран «Маса» болатын. Осыларға ілешала үн қосып ұран салып шыққан Міржақыптың «Оян, қазағы» еді». Ақаң аталмыш жинағында ең негізгі мәселені — елдік, ерлік, бостандық мәселесін көтерді. Автордың ойынша, қолдан келгенше

жақсылыққа жақсылықпен жауап беру — азаматтық парыз. Ал, керісінше, жақсылыққа жамандық жасау — түптеп келгенде кешірілмейтін пиғыл, кері жүретіндерге, ақылсыздарға тән қасиет. А.Байтұрсынов «Қырық мысал» атты өлеңдер жинағын ең барып тұрған жарамсыз байлам деп, замандастарын теріс әдеттен безуге, безбүйректікке салынбауға шақырады. «Еменнің түбіндегі шошқа» атты аудармасы — осы айтылғанның басты дәлелі.

*Түбіне бір еменнің шошқа келіп,
Жемісін жерге түскен жеді теріп.
Тойған соң келістіріп ұйықтап алып,
Еменнің түбін қазды түрегеліп.*

*Шошқаға сол уақыт сөз айтады
Ағаштың басындағы құзғын көріп:
«Тамырын қазып, аршып тастаған соң,
Қалмай ма емен құрап, кеуіп, семіп?»*

*«Қураса, құрайды деп қиналмай көп,
Қурамай тұрғанменен немеге ол сеп?
Қурасын, маған салса, күйіп кетсін,
Қайғырман оның үшін уайым жеп», —*

деп, өлеңді аударарды да өз жанынан мынадай жолдар қосады:

*Дүниеде түрлі-түрлі адамдар бар,
Жақсы да, арасында жаман да бар.
Ғылымды пайдаланып отырса да,
Сезбейтін сол пайдасын надандар бар.*

Соңғы келтірілген жолдар түпнұсқада жоқ. Ақаңның жалпы қазаққа түсініктірек болуы үшін, ойланып-толғануы үшін өз жанынан шығарғандары. Жалпы бұл — оның бүкіл аудармаларынан байқалатын ерекшелік. Ақаң шығармаларындағы тағы бір мәселе — қазақ халқының маңдайына жазылған қатал тағдыр. Кенесарының көтерілісі талқандалғаннан кейін осы бір епке көнбейтін, еркіндік үшін қанын да, жанын да беруге даяр елді патша отарлаушылары аяусыз таяқтаған. Ақыры бірте-бірте асау халық жуасып, «Күндей күшті күркіреген елдің» (М.Жұмабаев) қалпы тек тарихтың қойнауында қалды. Көлгірлік ептек алды, жұрт көрініп тұрған шындықты билеушілердің ыңғайына қарап байқалмағансыды, өтірік айтпайтын болды. Бастан бақ тайды. Бодандық жағдай осыған әкелді. «Шымшық пен көгершін», «Ат пен есек», «Шал мен жұмыскер», «Аңдарға тиген індет» т.б. өлеңдерінде ақын осыны аңғартады. Шындықтың тура бетіне қарауға үгіттейді. «Аңдарға тиген індет» деген аудармасында арыстан жан-жануарларға келген қырғыннан қорқып, қарауындағыларға жар салады. «Біз біреудің артық кеткен күнәсінен осы күйге тап болдық. Әркім жіберген қате-кемшілігін мойындасын. Соны құрбандыққа шалып, жаратқан иеден кешірім сұрайық», — дейді. Әр аңның жіберген қылмысын тыңдай келіп, өгізді айыптының ең үлкені деп табады.

*Ал сонда өгіз тұрып мәңірейді,
Көз жасы ағыл-тегіл, еңіреді,
«Қиянат кісі хақына қылман деуші ем,
Азғырды шайтан залым мені, — деді.*

*Нақ биыл бесінші жыл сол ісіме,
Сол ісім, еңіреймін, түссе есіме.
Жұт жылы ашаршылық, азық болмай,
Жалындым қарыз сұрап әр кісіге.
Бермеді ешкім маған қарызға шөп,
Аштыққа шыдап жайға тұрмадым тек.
Істедім бір адамға мен қиянат
Шөбінен рұқсатсыз бір үзім жеп».*

Жарлыға да, жалғызға да қиянаттың неше түрін жасаған тырнақты мен тістілер: жолбарыс, қасқырлар бірден өгізді қылмыскер санап, табанда жайратып салады. Ақын өлеңді былайша аяқтайды.

*Үлгі айтап жұрт үйретер қайда билік
Әншейін ермек етем сөгіліп күліп.
Аңдардың осы ісінен бөтен емес,
Түзілген кейбір жұртқа әкімшілік.*

*Тауыса алман дүние кебін айтып санап.
Хакім аз іс ететін гаділ қарап.
Залымдар айран ішіп аман кетіп,
Момындар тұтылып жүр шелек жалап.*

Жинақта отаршылыққа түскен халқымыздың бастан кешіп отырған күйін, тағдырдан тартқан азабын, теңдікті, еркіндікті аңсаған арманын меңзейтіні өлеңдер де баршылық. Оларға: «Қартайған арыстан», «Кісі мен аю», «Қара шекпен мен қой», т.б. жатқызуға болады. «Қара шекпен мен қой» деген аудармада қойды тауықты ұрлап жепті деп тауып, судья түлкінің үкім шығарғаны, сөйтіп бейшара мақұлдың жалғаннан жазалағаны айтылады:

*Тексерген іс түбіне қарағанда
Мұғайын, Тауықтарды осы жепті.
Обал жоқ өртесе де, мұны отқа
Апарып өлтіріңдер байлап оққа.
Терісімен талапкерді риза етіп,
Әкеліп тапсырыңдар етін сотқа, —*

деген жолдар осы ойды меззейді.

А.Байтұрсыновтың бірсыпыра аудармаларында ел билеген жуандардың қарапайым халыққа жасаған зорлық-зомбылығы бейнеленеді. Барар жер, босар тауы қалмай қатты күйзелген көпшіліктің көрген күйін жаңа туған жас қозының тағдырына теңейді. Бұл — екінші бірінің басында болған ащы шындық. Бұндай жағдай оның «Қасқыр мен Қозы», «Ала қойлар» жырында әңгімеленген. «Қасқыр мен Қозыда» жас қозының бұлаққа су ішуге келгені, оған аш бөрінің тап келіп: «Сен өзің сотқарсың, әркімге тиіспесең жүре алмайсың, әліне қарамай маған да соқтықтың», — деп, біраз тілдеп-тілдеп, ақыры қорғансыз бейбақты арқасына салып алып, орманға тартып кеткені айтылады. Ақаң өлеңінің соның мынадай жолдармен қайырады:

*Осындай жазықсызды жазғыратын
Әр жерде күштілерде бар зой қалып.
Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі?*

Ақаң аударған «Қасқыр мен мысық» мысалында жайшылықта, бастың аман, шаруаң түгел кезінде, аяқты кердең басқандырдың басына бұлт төнгенде не істерін, қандай амал қолданарын білмей асып-сасқан күйі көз алдымызға елестейді. Асылы, ешкімге қиянат жасама, асып таспа, әлде қандай заман болғанда қол үшін беретіндер таптырмай, қорғаушы, қамқоршыға зар боласың дейді. Артынан ит қосып қуған бір топ адамдардан құтқара көр деп жалынып, жалбарыңған қасқырға мысық ана кісіні айтып, мына кісіні айтып ақыры қамқоршыны таба алмайды. Өйткені оның өзі қиянатшыл, жүрген жері айқай-шу: біреудің қойын, біреудің қозысын, біреудің лағын, біреудің бұзауын жеген жебір екен. Осындай қылмысты жанға қандай адам жақсылық жасамақ. Ақаң мынандай қорытынды жасайды:

*«Мен қайран, — мысық айтты, — істеріңе,
Залалдан басқа нәрсе істедің бе?
Байдың көбі, жарлының жалғызы да
Тиіпті, тыңдай тұрсам тістеріңе.
Залалкер жұртқа тегіс болып әбден*

*Енді не іздеп келдің іштеріне?
Жынды жоқ сені аман құтылдырып,
Алғандай бәле тілен үстеріне.
«Не ексең, соны оларсың» деген сөз бар,
Ор енді егініңді піскенінде».*

Ақын замандастарын қасқырлықтан, қасқыр мінезділіктен сақтандырады. Ондайларға көмектесудің өзі қылмыс, берекесіздік екенін ескертеді.

Ақаң «Шал мен ажал», «Жарлы бай», «Қаптесер мен көртышқан», «Қайыршы мен қыдыр» т.б. аудармаларында кедейліктен мезі болған бір өңкей жарлылардың өзіне тән психологиялық қалпы, біреудің себепсіз дәулетіне көз алартуы, егер жазатайым байлық біте қалса, қалай жұмсарын білмей басы қатып, ақыры іске татырлық бір нәрсе бітіре алмай, сары ауырудай сарғайып, азап тартатыны айтылады. «Жарлы бай» өлеңінде бір кедей байлықты, барлықты айтып, өзінде ештеңе жоқ екеніне налып, қайғырыпты. Осы тұста кенет кіріп келген ақсақал шалдың берген сиқырлы бумажнигінен бірін алса, орнына екіншісі дереу өне кететін бір теңге алтынды қимай: үй алам, кісі келгенде отыратын төсеніш керек, ішіп жеуге үлкенді-кішілі мал керек, киетін киім-кешек тағы бар, әйел алам деп, қарттың айтқан шартын орындаудың орнына (ұйықтамауы, тамақ ішпеуі керек екен) күн-түн демей жүгіріп жүріп, ақыры кедейдің сақал-шашы ағарып, қу сүйек күйінде ештеңеге мойын бұруға шамасы жетпей көз жұмады. Ашқарақтық түбіне жетеді:

*Үстіне бүтін көйлек алмай сатып,
Алмастан азық-түлік жарап-қатып,
Баяғы лашығында жан тапсырды
Оныншы миллионды санап жатып.*

*Бір емес, толып жатыр осындай кеп,
Бар болып, жоқтың ісін істейтін көп.
Малы көп, көңілі жарым адамдарға
Ат қойған қанша теріс жарлы бай деп!*

*Жаман ғой жарлылық күй адамзатқа,
Жақсы емес рақатсыз байлық, бақ та.
Мал жиып, бай болуды талап еткен,
Жадыға бұл кеңесті ұғып, сақта, —*

деп аяқтайды ақын ақыл-кеңесін. Қашанда жекелеген адамдардың өмірінде ұшырасатын елеулі індет қызғаныш, қызғаныштан туындайтын күншілдік. Бұл сырқатқа шалдыққандар біреудің бағын, жетістігін көпсініп қана қоймайды, ақырында өзіне де ерте ме, кеш пе содан айықпастай дерт табады. А.Байтұрсынов осындай қылықтан азат болуға, тысқары болуға шақырған. Ондай өлеңдері: «Маймыл», «Ағаш», «Иттің достығы», «Арыстан, киік һәм түлкі», «Кісі мен арыстан», «Жүргіншілер мен иттер» және т.б. Жалған сөйлеп, жалған атаққа ие болуға тырысатындарды айыптаған. Мысалы, «Егіннің бастары», «Екі шыбын», «Қара бұлт», «Екі бөшке», «Сары шымшық», «Егіз бен бақа» т.б. өлеңдері бұған дәлел. «Сары шымшықта» теңізді өртеймін деп жер-жиһанға хабар салып, асып-тасқан кішкене құстың әрекеті құр әурешілік болып қалады. Алыс-жақын мұндай тамашаны көруге жиналғандар шала бүлінген бишаралықты көзімен көреді. Ақын осыдан мынандай қорытынды шығарады:

*Кейбіреу қолдан келмес істі ойлайды,
Мақсұты оныменен тұс болмайды.
«Ұялған тек тұрмайды» деген рас,
«Қап, бәлем, тоқтай тұрмен» жұртты алдайды.*

Қай кезде де өздерінің жеке пайдасы үшін жалған сөйлейтіндер, жалған арашашы болуға тырысатындар аз болмаған. Ақын ұялмай-қызармай содан өнген өнімді керектеріне жаратып, жаман үйренгендерден аулақ болуға үндейді. «Қайырымды түлкі», «Түлкі мен қара шекпен», «Есек пен үкі» деген жырларында жоқ жерден табыс іздегендер сыналады. Мәселен, «Қайырымды түлкі» өлеңінде жаны ашығансып, өліп-өшкен түлкінің жетім балапандарды оңай олжа қылғаны айтылады.

Замандастарымыздың арасында шаруасы түгел, бастың аманында мүмкіндігі шектеулілерге орынсыз тиісіп, шенеп мінейтіні, сенің оның қалай, сәл жайсыздықтан қорқасың, қалшылдап-дірілдейсің, тұрақтылық жоқ, ал мені қарашы, еш нәрсеге, ешкімге тәуелсізбін, өз еркім өзімде, өйткені мен қуаттымын, ештеңеден қорықпаймын деп мақтанатыны белгілі жайт. «Емен мен Қамыс» аудармасында сондай өркөкіректік сыналады.

Емен:

*Бірді олай жаратқанды, бірді бұлай,
Бәрінен қор жаратқан сені құдай.
Жел тұрса, зәрең ұшып қалтырайсың,
Басыңа ауырлайсың қонса торғай.*

*Жел жүріп, судың беті жыбырласа,
Бзыңдай құлағыңа сыбырласа,
Бұғасың, бүгілесің мұнша төмен
Тұрамын жарар ед деп жығылмаса, —*

деп қатты шенейді, мықтысынған батыр күшті дауылда бүкіл тамырымен қопарылып, құлап түседі де иіліп-бүгіліп жан сақтаған қамыс аман қалады. Ақын әлгіндей есін білмеген есерлікті де, табанының бүрі жоқ, әркімге жалбарынып, жағынған жарамсақтықты да түйреп өтеді:

*Білеміз Қамыс нашар, Емен мықты,
Еменді мықты деген дауыл жықты.
Майысып, қарсыласпай, қамыс бұғып,
Сынбастан сол дауылдан аман шықты.*

Өлеңнің берер ғибраты мол. «Қырық мысалда» емеурін, ишара, мегзеу, астармен айтылған ойлар «Маса» кітабында (Орынбор, 1911) ашық, анық, дәлді, нақты беріледі. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жылдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық бірталай өлеңдерге арқау болады: ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы — басты сарын.

*Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам.
Алданып жегеніме оны ұмытсам, —*

деген жолдардың нақты өмірлік материалы — әкесі Байтұрсынның болмашы әрекеті үшін 15 жылға Сібірге айдалып, қуғындалуы бала жүректің тілім-тілім жараланып жаза тартуы.

«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті дегеннен гөрі, негізінен әлеуметшілік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар-абыройын сатқан «жақсылығы өз басынын артылмаған», «бос белбеу, босаң туған боз бала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар», «мәз болып құр түймеге жарқылдаған оқығандар» сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қарқаралы қаласына» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар. «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі» — қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар. «Масада» Пушкиннен аударылған «Қыздыр дейсің мәжіметі, жан дейсің», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», Крыловтан аударылған «Сорлы болған мұжық», «Қаздар» шығармалары да берілген.

*Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп қапқаны, —*

деген жолдарда өз уақытының сыры айтылса,

*Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын
Ел бір күншіл, менікі ертеңгі үшін, —*

деген уақытта ақын болашақпен сырласқандай, өзінің өлместігіне сенеді.

Екі жинақ — «Қырық мысал», «Маса» қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектермен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам-тарам жүлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады [1].

Идея жағынан өздеріне дейін жарық көрген өлең-жырларға қарағанда соны, айтары бар, қазақ халқына күрескерлік рухын әкелген жинақтар еді. Егер бұрын ақын, жырша, жыраулар өмір шындығын сипаттай, оны қайткенде жөндейміз, ендігі бет алатын бағыт-бағдарымыз қандай деген мәселені сөз арасында, ілуде-біреу жанай өтсе, бұл жинақтардың ең негізгі арқауы — біз неліктен қайыршылық күй кешудеміз, оның басты себебі не, одан қайтіп құтылып, өзгелермен тең дәрежелі өмір сүреміз деген проблемалар ашық айтылды. Бұрынғы мимырт тірліктен қол үзудің жолын ұғындырды, жаппай оянууды, ілгері баруды күн тәртібіне қойды. Ол үшін А.Байтұрсынов ұлы Абай ұсынған бағыт-бағдарды, орыс әдебиетінің озық үлгілерін қазақша сөйлетуді, аударма жасау арқылы халықтың санасына әсер етуді таңдап алды. Сөйтіп өзінен бұрынғы көшбасшыларының жеткен биігін түсіністікпен қабылдай отырып, одан әрі тереңдей түсті. Жаңа өлеңдік форма — мысал арқылы, көшпелі елге етене таныс өсімдіктер тірлігі мен жан-жануарлардың мінез-құлық ерекшеліктерін, өзара қарым-қатынасын суреттеу арқылы әлеуметтік ойға ықпал етуді мақсат етті. Бұл ретте Иван Андреевич Крылов (1768–1844) туындылары қолайлы деп білді. Сөйтіп қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ол, айналып келгенде, Абай түскен соны соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүрін таңдап алды дейтініміз де сол.

Жинақтағы «Қазақ қалпы» деген өлеңінде:

*Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып, кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын құса жылжи беру
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ, —*

десе, «Жиған-терген» жырында:

*Қазағым, елім,
Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның
Аш көзіңді оянып.*

Күрес идеясы, келешек қамы үшін арпалысу, ел болу арман-мүддесін бірінші орынға қойғаны көрінеді. Бұл шығармалар қазақ оқырмандары жақсы қарсы алды, талайын жаттап алып айтып жүрді.

Әңгіме барысында үш алыптың бірі — М.Дулатовтың Абай туралы мақаласын қозғай кетуді жөн көрдік. Өйткені ол Октябрь революциясына дейін жарық көрген санаулы басылымның бірі болатын.

1904 жылы июнь жұлдызының басында деп еске алады М.Дулатов, Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді, һәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын, һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін», — деп. Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады: Абай өмірі күзге жетпей, сол июннің 23-інде опат болды... Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш — Абай сөзі... Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкім, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз — Абай [2].

Абайдың өлеңдері мен «Қырық мысал», «Маса» жинақтарымен бір тұста жарық көрген үшінші елеулі дүние — М.Дулатовтың «Оян, қазағым» еді. Оқырмандарға ой салып, кеудесіне саңылау түсірген, мазмұны жағынан, бітім-болмысы жағынан ерекше туынды ретінде қазақ әдебиетін биік белеске көтерді.

Абай балаңдау шағында Оразбай Жиреншелердің әзірше асқына қоймаған, бірақ елеусіз қалдыруға тағы болмайтын кейбір іс-қылықтарын — оңай олжаға қызыққыштық, өтірік-өсекке үйірсектік, өзгенің қолымен от көсеуге бейімділіктерін — жақтырмаса да жастарының тұрғыластығын, ауылдарының аралас, қойларының қараластығын қадірлеп, жаға жартысуға бармайтын, жеңіл әзіл-қалжыңмен қағытатын да тынатын. Ал олар Абайдың алғырлығын,

ақылдылығын, өздерінен көш озықтығын мойындайтын, сондықтан өткір сөздерін күлкіге жеңдіріп, қасына ілесе беретін. Оның үзенгілес жігіттері атанғанын өздеріне абырой санайтын.

Абай бір топ жора-жолдастарымен Балқыбек сиязына бара жатқан жолында Ерболдың өзіне онашалап айтқан әңгімесінің кейбір тұсын тіксініп қабылдаған. Жастықтың алаулы күндерін бірге өткізген сыралғы досы бейне бір басы-қасында болғандай: «Бәрінен жексұрыны — осы күнде не көп, пара мен жем көп. Не деген көмейлер, жемсаулар екенін білмеймін. «Түйені түгімен жұтады» деген о бір сыпайы обырлық екен. Айғыр үйірлеп жылқы, жүздеп қой, матауымен түйе әкеліп жатқан дауларды да естідім. Онан соң қаланың ұлығы, начальнигі де құдай ұрып бадырайтып тұрып жейді екен», деп, соңғы кездің өзіне аян бір сұмдығын осылайша таусыла баяндаған [3; 339].

Оның сөзіне қарағанда, әкімдер ғана емес, кейбір билердің де жетісіп тұрғаны шамалы. Шешімі өздеріне жүктелген айтыс-тартыстың түйінін кімнің дұрыс, кімнің бұрыстығын әбден тексеріп, анық-қанығын салмақтап әуреленбей, бармақ бастылықтың басымдау, қомақтылау жағына жантайта салатын салтқа көшіпті. Осыған дейін оны таңырқай, таңдана тындаған ақын мұншама сұмырай сырқаттың шырмауығына шырматылғандардың санында Әділда, Оразбай, Жиреншелер де бар көрінеді дегенде тұнжырай қалған. «Жақынды араз, татуды жат қылатын — өсек, сыбыр-сыпсың» деп ұғынатын Ерболға имандай сенгенімен, құлын-тайдай тебісіп бірге өскен, бір дастарқаннан дәм татысқан тату да сыйлас құрбыларын тап ондай қарға-құзғындыққа қимаған. Көзі жетіп, көңілі әбден тұрақтанбайынша ол мәселе туралы ешқашан ешкімге тіс жармауға бекінген. Өйткені кейде сыпайы да сыптай шындықтың сыңар езу бөспе байлардың оңды-солды екпіндетудің салдарынан әуелгі табиғи өңін жоғалтуы, сөйтіп не тасырая жуандап, не өлеусірей жұқарып ебедейсіз тұрпатқа құлдырауы ықтимал. Оразбай Жиреншелер араммен былғанғанда, былайғыларға не жорық?..

Жең ұшынан жалғасу арқылы біреулер қисайған шаруасын мұғдарлаған нысанаға өзгертіпті дегенді Абай бұрын да аз-мұз естігенді. Мұндай былық-шылықтың өз әкесі Құнанбайды да темірқазығынан жаңылдыртып, алып-қашпа қаңқуларға шалдықтырғаны жөнінде де хабардар-тын. Тіпті Қарқаралы мешіті де осындай қитұрқылықпен жиналған қаржыға салыныпты деген қауесетті де құлағы шалған. Әйтсе де қазіргі таңда біреудің есебінен ішіп-жеудің соншама асқынып, Ербол айтқандай, ебедейсіз сипатқа шарықтағанын өз басы байқамапты.

Балқыбек сиязына жиналған би-болыстардың бірқатары бас қосқан бір қонақтықта жыр шумақтарын үсті-үстіне нөсерлеткен Байкөкше жыраудың бір сәт термеге ауысып, тақпақтапта: «Ұлық болдың, қолың жетті, жақсы деп аталасың. Соның бәрі рас болса, жарлыны жылатпа. Арамға болысып, адал момынды аунатып жеме, береке деген боп, әрекенің қылығын қылма. Көпке масылын артқан көбеген болма!» — деген ақыл-өсиетін және оған қоса біреудің несібесін төтелей иеленгенің өз алдына, кейде бопсалап, ызғар сездіре сыйлық дәме ететінің қалай дегенді меңзейтін қағытпа сынын мәртебелі мырзалардың тыржындасып ұнатпағанын Абай тиісінше тұжырымдаған, ол эмоцияны Ерболдың кешегі әңгімесімен сабақтастырған [3; 346–348].

Ербол сөзінің растығы сол Балқыбек сиязында түбегейлі анықталған. Салиха қыздың бас бостандығын даулап, өзінің атына жазған арызын тексеруді және оның төрелігін айтуды ояз туған халқының әдет-ғұрпын жетік білетін Абайға жүктеген болатын. Бұл міндеттеменің жауапкершілігін терең сезінген Абай бала күннен бергі қанжығалас құрбылары — Оразбай мен Жиреншені көмекшілікке таңдап, бірін қыздық ауылына, екіншісін әмеңгер жағына жұмсап, жағдайдың бүгешігесіне дейін терең байлауды өтінген. Ол екеуі тапсырманы жан-жақты ақтармалағанымен, төте сүрлеудің соңғы бекетіне дейін бүлкетуге төзімі жетпей, орта тұстан бөтен соқпаққа бұрылып кетіпті. Яғни, параға қызығып, Салиханың бұрынғы атастырылған жұртындағы мұрагері — Сабатар шалға тоқалдыққа баруын мақұлдағандарды қостап қайтыпты. Сатқындықтарын «алтын көрсе періште жолдан таяды» деген жартыкеш нақылмен жуып-шаймақ болыпты. Бұл байламдары үшін оларға Абай қайнаған ашумен қатты ұрысқан. Мұндай бейшаралыққа кешу жасауды алланы, адамгершілікті талақ етумен бірдей санаған. «Өзім деп, сенерім деп, қанат тұтып, қатарыма алғаным сенбісің? — деген ол тынысы тарыла демігіп. — Айналып жүріп-жүріп кеп айтар ақылың «арам жейік» болды ма екеуіңнің? Бұрын бет бұрар болсам, екеуінді ертпей-ақ Тәкежанды таңдасам болмас па еді? Сендер «Керей-Найман» әділет таппай, әрекет тапса, өлмесе ома қапсың десең, мен оларды елім деймін. Үш жүздің баласының алдында қалың қазақ қауымына мені әкеліп, құлқының үшін құрбан еткелі отырсың ба? Өлтіріп кеп отырмын десеңші! Жеткен жерлерің осы ғой! Бар аулақ!..» [3; 385].

Абай ешбір бұлтақсыз, бұқпантайсыз, сыртынан қабат-қабат тор тұрған парақорлар мен жемқорлардың салын суға батыратындай дәлелдерді бірінен соң бірін түйтектете отырып, даудың

түйіншегін қисынды тарқатқан. Қастасатындардың көбейетінінен жасқанбай, Салиханың басына бостандық жариялаған. Қыздарын Сыбан жұртына екінші рет сатып, үстеме пайдаға кенелмек болған Керей де, жесірінен айырылған Сыбан да ол жолы іштен тынып, үндеспей тарасқан. Қапсағай шалдың: Уа, Кеңгірбай, Кеңгірбай! Әруағына не боп еді сенің? Осы ма еді кешегі азған қызға айтқан сенің жолың? Кеңгірбай, шақырдым әруағыңды! — деген наразалығы ешкімнен қолдау таппай, шаңтозаңға жұтылып кете барған. Өзге жұрт, ара ағайын үкімнің әділдігіне еш күмән келтірмеген. Атаның ұлы емес, адамның ұлымен кең алаңда ресми еркін сұхбаттасқанына разылық білдіріп, алғыстарын жаудырған, ұзақ ғұмыр тілеген. Билік тізгінін берген лауазымды ұлықтар да шуласа күлісіп, жадыраса бас шұлғысқан.

Салиха қыздың дауы — Абайдың және оның бір кездегі әріптестерінің бір-бірімен қоштасуының, айсбергтің судың үстіндегі бөлігі іспетті, жай сылтауы ғана. Оразбайлардың пешенесіне туа біткен өзімшілдік, қызғаншақтық кесепаттың тиюсыз-жиюсыз асқына-асқына жазылмастай дертке ұлғаюы түбінде осындай ажырастыққа соқтырары бесенеден белгілі болатын. Үздіксіз сыздауға ұласқан бітеу жараның бүгін бе, ертең бе әйтеуір бір жарылмай қоймайтынын екі жақ та сезінетін. Сондықтан бұл кетісу оларды аса қынжылтқан жоқ. Бірі туралықтың, түзуліктің туын қолдан түсірмей, қиянат-зорлыққа, пайдакүнемдікке қарсы күресін жалғастыра берсе, екіншісі ой-шұңқырын бағамдап үлгерген соқпақ сарабынан табан аудармады. Тіпті әдеттегі мәймөңке, көлгірлікті бүркеп тастап, еркіндігін тұсаған кедергімен-ісімен, сөздерімен, кертартпалық, етек бастылық атаулыны қатал сынайтын, жақсылықты, жарасымдылықты барынша дәріптейтін Абаймен ашық шайқасқа көтеріледі. Бастапқыда олар алысырақтан орағытты — билік тізгінін бұрынғысынша өзгелерге жуытпай, борсақ, көтібақ, жігітек, бөкеншілерді шөміштен қағумен келе жатқан исі Құнанбай балаларын аттан құлатуға тырысты. Соның бірі — Оспанның алғашқыда болстыққа сайланбай қалуы...

Мыржақыптың көздеген мақсаты айқын. Ол — надандықтан желі тартып, ырың-жырың, рушылдықтың, жікшілдіктің, мансапқорлықтың салдарынан іргесі шайқалған алашты бірлік, өзара ынтымақтастық маңайына жинақтау болатын.

Ел басқару ісінде толып жатқан берекесіздікке наразылығы аздай, енді болыс сайлауы дейтін шықты. Мұны ақын былайша сипаттайды:

*Шыққалы волыст сайлауы қырық жыл өтті,
Сол сайлау, байқасаңыз, түпке жетті.
Бай болып, мырза атанып, мал біткендер
Таласып болыстыққа ақша төкті.*

Болыстықтан дәмеленгендердің жүріс-тұрыстары кәдімгі қылмыскерлерден бетер. Елдің береке-бірлігі жайына қалған.

*Сайлау басы төреге мың-мың ақша,
«Жанында орыс жоқ па екен онан басқа?»
Стражник пен писірлер сүйінші алад
Бермей тағы болмайды нәм тілмашқа.*

Әйгілі 1868 жылғы «Жаңа низамнан» кейін жалпақ елдің арақатынасы, жүздердің экономикалық басқару жүйесі одан әрмен алшақтай берді. Әр аймақтың Россияның әр губерниясына бағындырылуы қазақ даласын береке-бүтіндіктен айырып, жан-жаққа ыдыратты. Аға сұлтандық институтының жойылып, оның орнына жай болыстық басқарушылықтың күшейтілуі, сырттай қарағанда демократиялық пішінде көрінгенімен, шын мәнінде халықты аздырып-тоздыруға жол ашатын зымиян шешім болатын. Бұдан былай негізгі биліктің болыстардың құзырына жинақталуы далалықтардың әдет-дағдысына өзгеріс енгізді. Енді ол қызметке амалдап өз кісісін өткізу харакеті қосақталды. Өзге жақтың ұсынған кандидатурасын қалайда қағып тастау мақсатында оның үстінен ұлықтарға өтірік-шыны аралас арыз-шағымдар айдалды. Өкіметтің тереңнен ойластырылған ол саясатының жазу-сызуы шамалы, мәдениеті төмен аңқылдаған ақ көңіл халықты қатты арандатты. Адамзаттың керуеніне артынып-тартынып азар ілбіп ілесіп келе жатқан алаш мал-мүлкін әкімдік жолына оңды-солды шашудың салдарынан ілгері басқан аяғы кері кетті. Әуел бастан шен үшін, шекпен үшін, тілмаштық үшін оқу орындарын жағалаған мансапқорлар қашан қызметінен

тайдырылғанынша елді ірітіп бітірді. Сөйтіп жаңа заң халықты жарға жықты. Бірер дерекке сүйенсек, Қалмамбай Байдәулетұлы деген біреу 1882 жылы Сарысу болысын (Қарағанды облысы) 25 жасында алғаш рет 22 жастағы Бұзау Толысбайұлымен болыстыққа таласқан. Қалмамбай сайлау барысында 550 жылқы, 2000 қой шығындалса да шенді қызметке Бұзау өтіп кетеді. 1885 жылғы сайлауда да Бұзаудың бағы жанып, қайта жеңіске жеткен. 1888 жылы екеуі татуласып, Бұзау өз еркімен болыстықты Қалмамбайға берген. 1891 жылғы сайлауда Бұзау әкімдікке қайта таласып, ел іші бүлініп, аласапыран айтыс-тартыс бір болыстың екіге бөлінуіне (Қамқоңыр, Сарысу) апарады. Қысқасы, Қалмамбай Сарысу болысын 1905 жылға дейін басқарған. Осы кезеңдегі барлық сайлауларда дауыс жинауға оның тарапынан 3300 жылқы, 9000 қой, 1000 түйе шықын шыққан [4]. Сөйтіп Қалмамбайлар әр елде де осылайша болыстыққа қол жеткізген. Әкімдікке талас кезіндегі жұмсаған мал-мүліктерін кейін елден артығымен жинап алған.

«Жаңа низамнан» халқымыздың қандай қайғы-қасірет шеккенін Абай өзінің «Күлембайға» («Болыс болдым мінеки»), «Мәз болады болысын», «Дұтбайға», «Тәңірбергенге», т.б. сатираларында түбіне жеткізе әшкерлейді.

Тарихтың ұлы көшіне салдыр-салақ, олпы-солпы азар жалғанып келе жатқан алаштың басқа шаруасы жоқтай, мал-мүлкін оңды-солды шашып, жеткен «жетістігін» Міржақып мұны ашық айтады:

*Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты.
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кеніпті, дін нашарлап, хал қараң боп
Қазағым енді жату жарамас-ты.*

Маңдайға жазылғаны осы, сондықтан көнеміз, көнбегенде қайда барамыз деуден аулақ. Маңайына барлай қарап, өзгелермен бірге алға жылжудың жолын қалайда іздеу керек деп түйеді. Жұртшылдықтың бірте-бірте ұлттық намысты жоғалтып сары ала түйме таққандардың таяқтауына көнуден басқа айласы қалмаған жалпақ елдің бишаралық қалпы айна қатесіз, осылайша қағаз бетіне көшіреді.

*Біз дағы ғылым білсек өйтпес пе едік:
Ілгері озғандарға жетпес пе едің.
Дін, дүниеміз таршылықтан азат болып,
Өнерлі халық атанып кетпес пе едік, —*

дейді амалы таусылған ақын.

Шаруашылығымыздың кейіншектетей ілгері басына түптеп келгенде өзара ауыз біріктірмей, кері тартудың салдары екенін бірде былайша дәлелдейді:

*Бірлік жоқ алты ауызды халықпыз ғой,
Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.
Ғылым мен мағрипатты керек қылмай,
Надандық шәрбатына қаныппыз ғой.*

Ал осыншама жетім баладай зар шегіп келе жатқанымызға біраздан соң ақын басқадан іздемей, тура өзіміздің сал бөкселік жай басарлығымыз айыпты екенін таңбалайды. Мәселен, «Насихат ғұмұмия» деген өлеңің алайық:

*Жас орнына көзімізден қан кетіп,
Қолымыздан ата мирас заң кетіп.
Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп...*

*Кім жазалы өзімізден көрмесек,
Төбемізге шығардық қой дәндетіп...*

*Күн көреміз қайда барып, алашым?
Білгіштердің хал мүшкілін қарасын.
Сүйегі жоқ тіске жұмсақ болған соң
Әркім жейді біздің қазақ баласын.*

*Аз емеспіз, алты миллион халықпыз
Алхамилла, надандыққа гарықпыз.*

*Жайымыз жоқ одан басқа мақтанар
Сахарада дикарь болып қалыппыз.*

Байқап отырғанымыздай, өзге зиялыларымыз ақырын тұспалдап айтайын деген ойын көбінесе бүркемелеп жеткізсе, Міржақып шындықты тура бетке айтады. Бұнын басты ерекшелігі сол.

Міржақып бір кез сонау өткен замандарға шолу жасайды. Ертеректе халқымыз көшіп-қонып еркімен, ешкімге жалтақтамай жақсы дәстүрлерін сақтап өз заңымен өмір сүрген. Жан-жақтан ешбір қысым көрмеген.

*Көшсе де мың шақырым жері жайлы,
Аққан бұлақ, шалғыны көк орайлы.
Тоқты қоздап, жүріпті, тай құлындап,
Жер тар болып көрмеді-ау уайымды.*

Бірақ алаш қаумалай қоршаған жауларына тойтарыс беруге шамасы бірде жетсе, бірде жетпей, ақыры осындай пақырлық күйге ұшыраған. Сыртқы жай ішкі тірлікке, сөз жоқ, әсер еткен:

*Сол кезде біздің қазақ ала болған.
Көлдеңен дұшпандары және болған.
Күшитісі нашарларын шауып алып
Бұрынғыдай болмаған, бәле болған.*

*Ел шауып кісі өлтірсе, батыр деген
Батырлар пақырладың хақын жеген
Біз мұндай бұл уақытта болар ма едік
Істесе халық пайдасын зақылменен.*

Алайда ол өткен түп-түгел қайта оралып, сол жайма-шуақ күндерде өмір сүрер ме едік деген қиялдан аулақ. Содан бері талай заман өтті. Ата ұрпақтардың да берекелі, берекесіз тірлік еткені анық. Енді келе-келе мынадай тағдырға бас идік.

*Мінеки, бұл уақытта тұрмыз енді
Дұшманға таба болып, күлкі-досқа...
Россия мемлекетіне бағыныпты
Әбілхайыр төренің хан шағында.*

*Патша айтқан «ғаділдікпен билеймін» деп,
«Дініңе нәм жеріңе тимеймін» деп,
«Оқ атпай, қылыш тартпай бағынған соң
Қалайша қадіріңді білмеймін» деп.*

Түптеп келгенде, уәде, тәтті сөз жайында қалды. Жаңағылардың бәрі желге ұшты.

*Қазағым, көрмегенің әлі алдыңда,
Боларсың көне берсең мұнан жаман.
Босында аяқ, қолың қимылдап қал,
Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң, —*

деп ескертеді.

«Оян, қазақтағы», «Өнермен хасіл болған нәрселер» деген өлеңінде автор прогресс, цивилизация жолымен ілгерілей, дамып бара жатқан халықтардың өмірін, мәдениетін дәріптей жырлап, соларға қалайда жетуге шақырса, «Шәкірттерге», «Тәртіпті медресе жоқ кой бұл қазақта», «Мешіт, медресе хақында», «Қазақ халқына діни бір уағыз» дейтін өлеңдерінде тек діни оқумен шектелмей, ғылыми пәндерді, орыс тілін оқып, үйрену керек деген пікір айтады [2].

Ақын келімсек орыстардың зорлық-зомбылығы салдарынан басқа байлықтар өз алдына жерден-судан сырылып, шөл-шөлейтке қоныс аударуға мәжбүр болғанымызға тоқталады.

*Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер
Мұжыққа, хош аман бол, барасың да, —*
*Келді де егін салып байып кетті,
Жалқау ма бұлар, тәңірі-ай, біздің жұрттай, —*

деп шындықтан аспайды.

*Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп.
Шаһбазлар басшы болған мілләтқа
Аяғына қан түсті ғой мән кетіп.*

Сөз ақырында Кеңес үкіметінің құзырымен Міржақыпқа тағылған кінәлардың бірі — ұлтшылдық, өз ұлтыңды жақсы көріп, басқа ұлттарды жек көресің деген айып болатын. Бірақ осыны қайта қарасақ, шынында ақынға кінә тағуға бола ма? Өз халқын бәрінен жақсы көргеннің несі айып? Осылай ма? Міржақыптың мына сөздеріне көңіл аударсақ:

*Орыста Пушкин, Гоголь, Лермонтов
Крылов, Тургеневтер кеткен өтіп.
Қартайып бұл уақытта Толстой тұр
Өзіне мәслихаттас ерлерді ертіп.*

*Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен
Халықтан мойын озып болған көсем
Семейден шықты Ыбырай Құнанбаев,
Сөзінде қате бар ма сынап көрсең.*

*Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, мағынасы меруерттей.
Оқыған гибрат алып жас жігіттер
Һамасы өз халқына қызмет еткей.*

Біреп сөз «Оян, қазақтың» тіл ерекшелігі хақында. С.Торайғыровтың қатал сынағанындай («Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан»), мұнда барлық мұсылмандар ортақ оқып түсінсін деген ниетпен араб, парсы тілдерінен оқу арқылы дін жолымен, нағыз бұл емес, енген сөздер әдейі көп қолданылған [5]. Бір кезде И.Гаспринский («Тәржіман» газетінде) түрік тұқымдас халықтарды өзара бір-біріне жақындастыру амалы ретінде тілдердің осылайша тоғысуы керектігін мәлімдеген-ді. Алайда бұл пікірдің қолдаушысы, жалғастырушылар болды ма, олар кімдер айту қиын. Бәріне де төреші уақыт.

Бірақ ақын осы ойынан кейін көп ұзамай бастартып, ана тілінің («Азамат», «Терме») барлық мүмкіндігін пайдаланатынын ескеруіміз керек.

«Бақытсыз Жамал» 1910 жылы жарыққа шықты. Бұл — тарихымыздағы тұңғыш роман. Мұнда сол кездегі қазақ ауылындағы өмір шындығы қамтылған. Кейбір әдебиетшілер әр түрлі көзқарасқа қарай, онда көрініс қысқа қайырылған, жанр біркелкі емес, қара сөз бен өлең сөз араласа баяндалыпты дейді. Таза проза деуге келмейді делінгенімен, шығарма шынында автордың өлеңдерімен тыныстас елеулі дүние.

«Бақытсыз Жамал» қарапайым халықты зор қақсатқан байларға үкім айтады. Сәрсенбай алғашқыда қақ-соққа жұмысы жоқ, шаруасынан басқаны ойлап жарытпайтын, жуас бірсыдырғы дәулеті бар кісі болатын. Оны осы қалыптан өзгерткен — өзі құрал ауыл адамдары. Сәрсенбай бұрын болыс болуды ойламаса да, жұрттың желіктіруімен әкім болғысы келеді. Алғашқы талпынысы сәтсіздікке ұшыраған соң ауылдастарының ақыл-кеңесімен Байжанмен жақындасады. Басты сүйенері — қызы Жамал. Автор өзінің творчествосында үнемі жастардың оқып, білім алуына әке-шешенің көмек көрсетуін, олардың халқына жан-тәнімен қызмет етуін қалағаны белгілі. Сөйтіп Жамал да медреседен оқу бітіріп келген топтар мұғаліміне оқытып, сауаттануына жағдай жасайды. Сәрсенбай екінші болыс сайлауында жетістікке жеткені үшін қызы Жамалды Байжанның ақылы кем Жұман атты баласына әйелдікке беруге келіседі. Жұманға баруға үзілді-кесілді қарсы болып жүрген Жамал көрші ауылдың баласы Ғалимен танысып, сөз байласады. Әр нәрсенің бағасын бағдарлап білуге қажеті бар деп осындай кәсіпке үндеген Ғали — аздап саудамен айналысатын жігіт. Ақын бір өлеңінде халықты сауда-саттыққа шақырғаны бар. Байқақтап қараса, әрі әдемі, әрі әдепті Ғали жақын жерде тұратын ауылдасы, өз замандастарының алдыңғысы іспетті екен.

Ғали мен Жамал Байжандарға қарсы қолданар амалы қалмаған соң, қалаға қашып кетеді. Барған жерінде аяқ астынан Ғалидың ауырып қайтыс болуына байланысты Жамал ақыры Жұманға қайтарылады. Аяғы жастардың бас бостандығын аңсаған армандары іске аспай, өліммен тамәмдалады.

Сөйтіп ескі дәстүр екі жасты біраз әуре-сарсаңға түсіріп, соңынан қазаға ұшырауымен аяқталады. Кезінде роман қазақ жұртшылығына үлкен серпіліс туғызды. Бірақ ескіліктің тоңы әлі де қалың еді... Москвалық профессор В.Гордлевский ол туралы рецензия жазыпты (1914). Ол деректі Ж.Ысмағұловтың қайдан алғаны белгісіз.

«Бақытсыз Жамал» туралы бірер сөз оның жарлық табиғатына қатысты.

Ағылшын зерттеушісі Ральф Фукс өзінің бір еңбегінде («Роман и народ») «Роллан туралы сөз», «Вильгельм Телль», «Тристан мен Изольда» тектес романтикалық сарындағы поэмаларды роман деп атаған дұрыс деп қорытынды жасайды. Өйткені айтылатын оқиға, кейіпкерлер тұрғысынан солай аталуға лайық деп түйеді.

Айта берсе, ортағасырлық романдар «Жиль Блаз», «Дафнис и Хлоя», «Метаморфозы», т.б. оншақтысы бірігіп келіп, біз көріп жүрген жай кітаптардан аспайды. Көлемі қысқа, айтары мол.

Олай десек, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу», «Қобыланды батыр» сынды шығармалары көшпелі жағдайға байланысты оқиға ауызша тараған, роман деуге әбден лайық емес пе? Кейіпкерлері, шығарманың қозғайтын мәселесі жағынан ой жіберсек ортағасырлық романдардан несі кем? Бұл да кең отырып ойласатын мәселе ме дейміз.

... Жақында бір топ адам М.Дулатовтың сүйегін әкеп, Торғайға, өзінің туған жеріне, жерледі. Бұл сияқты азаматтыққа алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Бірақ... Осы әкелінген мүрде Міржақыптікі ме, жоқ па? Бөгде біреудікі болып жүрмесін.

Қазақтар — бірдеңе сыбыс шықса, алды-артын тексермей, ала жөнелетін «ауыруға шалдыққан» халық. Осыдан біраз бұрын біреулердің жақында Сәкенді көрдім дегеніне наньп, Қолымаға самолет жалдап барып қайтқанының куәсі болып отырмыз. С.Сейфуллин 1938 жылы 24 ақпан айында Алматыда атылған деген хабар «Қазақ әдебиетінде» жарияланған. Ал мынау не? Кеңестік жүйенің Сәкендей кісілерді түрмесінен тірі жіберуі некен-саяқ. Оның себептері толық. Ал Міржақыптың сүйегі қалай сақталған? Түрме қызметкерлерінің мәлімдеуінше, ол 1935 жылы ауырып қайтыс болған. Оны кім жерлепті? Сол кездегі тұтқындардың айтуынша, түрмеде кісі өлімі көп болған. Кімнің неден ауырып, неден өлгені тексерілмеген. Тек өліктерді үйіп қойып, шамамен жүзге жуықтағанда машинаға салып алып күні бұрын қазылған орға апарып төгіп, үстерін топырақпен жәй жаба салса керек. Міржақып та олар үшін осылайша өмірден озған біреу. Академик М.Қозыбаев Міржақыптың денесін әкелуге антрополог та, медэксперттің де болмағанын айтқаны бар («Бетпе-бет» хабарында, 15.12.1999 ж.). Белгілі әдебиет қайраткері Анастасия Цветаеваның сөзіне құлақ түрсек, Ұлы Отан соғысы басталысымен Қорғаныс комитеті бірсыпыра интеллигенттерді Москвадан тылға жедел көшірген [6]. Соның бірі — Марина Цветаева. Елабуга қаласына барып, уақытша бір шалдың үйіне орналасқан. Оның 16 жасар ұлы (Георгий) бұзықтықпен шешесіне бағынбай өскен. Баланың айтқан бір сөзіне шыдай алмай, Марина өзіне-өзі қол жұмсайды. Соғыс аяқталғаннан кейін Анастасия апасының кейінгі хал-жағдаймен хабардар болуы үшін Елабугаға барған. Шал әлі тірі екен. Ол өз қолыммен қойдым, моласын білемін деген соң, екеуі іздеп-іздеп таппайды да сіндісі кейін қайтып кетеді. 1–2 жыл өткен соң құлпытас жасатып, Маринаның басына қою мақсатымен тағы келеді. Бірақ моласы жермен жексен болып кеткендіктен тағы таппай, салмағы тоннаға жуық ескерткішті әрлі-берлі алып жүру қолайсыз болғандықтан, қабірдің біреуінің басына қоя салады да кері оралады. Маринаның опат болуы 1941 жылы да, Анастасияның іздеп баруы 1960 жыл. Іздегендері елге еңбегі сіңген белгілілер қатарындағылар болса бір сәрі. Ал Міржақып советтік құрылысқа «қарсы шыққандардың» бірінен саналады. Оған бөлек мола соғылуы екі талай. Қарапайым логика осылай дейді.

Қазақтың көнбіс көкірегіне еркіндік, теңдік сәулесін түсірген алыптар тобы жайындағы қысқаша түсінігіміз осымен тамәмдай келіп, өзгелерден бір айырмашылығы жалпы Міржақыптың табиғатының мейлінше алғыр да, өткір ойлағанын ешбір тайсалмастан бетке айтатын турашылдығына тәнті боламыз. Халқының қайыршылық халін жалтақтамастан, тартынбастан алыс-жақынның бәріне жария етті. «Құрт жайлаған тамырын қу ағаштай» жұртының алдында өзінің адалдығын сақтай өтті. Әмин!

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Нұрғалиев Р.* Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. — Алматы: Фолиант, 2002. — 528-б.
- 2 *Ысмағұлов Ж., Дулатов М.* Шығармалары. — Алматы: Ғылым, 1991. — 207 б.
- 3 *Әуезов М.* Абай жолы. — Алматы: Ғылым, 1980. — 424 б.
- 4 *Шарипов С.* Баганалинцы // Советский Казахстан. — 1924. — С. 3,4.

- 5 Торайғыров С. Шығармалары. — 2-к. — Алматы: Жазушы, 1993. — 138–143-б.
6 Цветаева А. Воспоминания. — М.: Сов. писатель, 1983. — С. 767.

З.Жұмағали, Г.Жұмағалиева

Представители интересов народа

В статье всесторонне рассматривается казахское духовное наследие начала XX в. — литература ярких представителей интеллигенции Алаш. На примере творчества А.Байтурсынова, М.Дулатова исследуются национальные проблемы. Наряду с этим поднимается вопрос о национальной политике в литературе, преломленной через призму социально-политических проблем общества. Автор выявляет взаимосвязь между общественными явлениями и духовным наследием на примере казахской литературы.

In article comprehensively is considered the Kazakh spiritual heritage of beginning of XX century such as creativity of bright representatives of the intellectuals of Alash party. On an example of creativity of A.Bajtursynov, M.Dulatov are investigated nationalist problems, alongside with it the question on the national policy in the literature through a prism of sociopolitical problems of a society rises. The author reveals interrelation between the public phenomena and a spiritual heritage on an example of the Kazakh literature.

ӘОЖ 82:821.512.122:82–31

К.А.Төлеубаева, С.Қасымова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Антиобраз және қаламгер тұғырнамасы

Мақалада басты кейіпкер бейнесі және автордың танымның реалистік табиғатына жаңаша көзқарасы жоғары деңгейде қарастырылды. Сондай-ақ жас зерттеуші тарапынан философиялық және психологиялық ой білдірудің стильдік ерекшеліктері аталды. Мадина Омарованың әңгімесінде қаһармандардың және олардың антипод — антибейнелерінің әр түрлі психологиялық сипаттамалары жан-жақты ашылған. Мақала авторлары қазіргі қазақстандық прозадағы постмодернизм орны жайындағы мәселені зерттеді.

Кілтті сөздер: постиндустриалды, мәдениет, постмодерн, жаңа мыңжылдық, ақпарат ағымы, жаңаша көзқарас, ізденіс, тың ізденіс, көркем шығарма, қаһармандар әлемі, жас жазушы, қазақ прозасы, кейіпкер болмысы, әдеби тенденциялар, экзистенциализм ағымы.

Қоғам — постиндустриалды, мәдениет — постмодерн. Ал әдебиет қайда бет бұрып бара жатыр?

Үшінші жаңа мыңжылдыққа аяқ басу — бір құбылыстың басы, екінші бір құбылыстың соңы болуы бек мүмкін. Ақпарат ағымы тасқындаған заманда, ғасырлар тоғысында таным дағдарысы белең алды. Жаңа мәдениет көкжиегін көксеген жаңаша көзқарас ізденіске бастап, осы тұста тың талғам қалыптасуы уақыт заңдылығы десек те болады. Тың ізденіс әдебиетте жемісін қалай беріп жатыр? Бұл — бүгінде сөз өнеріндегі жауабын күтіп тұрған өзекті мәселе. Біз бұл жобамызда жазушы Мадина Омарова шығармашылығы арқылы өз жауабымызды беруге тырыстық. Бірден көзге шалынатыны, М.Омарованың кейіпкерлерінің күрделілігі, қайшылықты болмысы. Автордың көркем шығармаға арқау еткен идеясының образға айналуы, яғни қаһармандар әлемі жас жазушының қазақ прозасына алып келген өзгеше демі іспеттес. Қоғамдық мәселеден гөрі, кейіпкер болмысына терең үңілу, шынайы табиғатын таныту жаңа заман еншісіндегі жаңаша автор тұлғасын елестетеді.

Қазақ прозасында соңғы жылдардағы әдеби тенденциялардың бірі ретінде белең алған экзистенциализм ағымын Мадина да айналып өтпейді. Бұны біз қаһарман мен авторлық позиция арақатынасына терең үңілгенде байқай түсеміз. Ақиқатқа адам болмысын тану арқылы жетуге ұмтылыс, өмір сүрудің мәні — өзінді өзің тануда деген сынды қағиданы басшылыққа алып өмір